



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Өзбекстан мемлекетіндегі ірі мұнай өңдеуші компаниялардың: Бухаралық, Ферғаналық, Алтыарықтық мұнай өңдеу кәсіпорындарының жалпы қосындысы 11,2 млн тоннаны құрайды. Бірақ мұнай жетіспеушілігінен өндірістің 60 пайызы ғана жұмыс жасап тұр.

Өзбекстан Республикасының Қазақстан, Ресей мемлекеттерімен келісім жасап, «Омск-Павлодар-Шымкент» мұнай құбырын Өзбекстан аумағына дейін созу жоспарлануда. «Узбекнефтегаз»АҚ ресейлік «Газпроммен», қазақстандық «Казмунайгаз», «Казтрансойл», «Казтрансгаз» компанияларымен келімге отырып, осы уақытқа дейін Өзбекстан импорттық мұнай көлемін 10млн тоннадан 18 млн тоннаға дейін көтеру жоспарлануда. 3 млн тонна мұнайды сол жердегі мұнай өңдеу компаниялары алса, 2 млн тоннаны Қырғызтан, 3 млн тонна Өзбекстандағы «Газпром» филиалына жеткізу жоспарлануда. [7][8]

Қортынды: еліміздің орналасу аумағына сәйкес тасымалдау экономикасының ірі құрауыштарының бірі бола алады. Бұл эсседе тек құбыр жолдарын ғана қарастырдым. Жол магистралінің өзі ірі тақырып болатыны анық. Ресей Федерациясындағы кең шикізатты өңдеуші салаға беттеген Орта Азия мемлекеттеріне жеткізу, Қытайдай кең тауарға ие мемлекетті көп қаржыға ие Еуропа мемлекеттерінің арасында тұру, біріншіден делдалдық қызмет жасауға мүмкіндік берсе, екіншіден Орта Азиядағы маңыздылығын арттыра түсері анық. Статистикаға сәйкес елімізде 2015 жылға сәйкес қызмет көрсету ЖІӨ 54,6 пайызын құраса, елбасының бұрығы бойынша бұл көрсеткіш 2020 жылға дейін 60 пайызды құрауы керек деген болатын. Қызмет көрсету ішіндегі транспорттық-логистикалық кешенге басымдылық беру керек. «Сарыарқа» жобасы біткеннен кейін газқұбырын шығыс аудандарға тарту, одан кейін соңғы жылдары газ жетіспеушілігі болып отырған Қытайға дейін жеткізу елдің экспорттық қуатын арттыратыны анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://fb.ru/article/185451/kazahstan-ekonomika-ministerstvo-natsionalnoy-ekonomiki-respubliki-kazahstan>
2. <http://railways.kz/ru/node/3286>
3. <https://www.transitkazakhstan.kz/ru/>
4. https://kmgep.kz/rus/about_kazakhstan/oil_and_gas_sector/
5. upr.akmo.gov.kz/sites/upr.akmo.gov.kz/uploads/obshes_slushania/predovos.pdf
6. <http://www.kaztransgas.kz/index.php/ru/press-tsentr/novosti-kompanii/704-ao-kaztransgaz-privlekaet-britanskikh-investorov-dlya-gazifikatsii-astany>
7. <http://uznews.uz/ru/article/4134>
8. ТрансLogistics№3,2018 журналы, В единой конфигурации:каковы особенности транспортных систем стран ЕАЭС?

УДК 347.126

ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІ – ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ДАМУ ТЕТІГІ РЕТІНДЕ

Ергеш Б.Р., Исламиддинов А.Р., Сафаров А.Ж.

bekzat200597@mail.ru

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Экономика факультеті,
Мемлекеттік және жергілікті басқару тобының студенттері, 3-курс, Астана қ, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Нәбиева М. Т.

Ақмола облысы бойынша сүт өндірісі

Сүт және сүт өнімдері ең көп тұтынылатын тамақ өнімдерінің бірі болып табылатыны баршамызға мәлім. Сүт және сүт өнімдері түсініктемесі ретінде ашыған және қаймағы алынбаған сүт өнімдері түсінігі қабылданған. Сүт және сүт өнімдерін өндіру және

тұтынудың өзектілігі жылдар өткен сайын, халық саны артқан сайын артып келеді және әлемдік азық-түлік нарығы дамуының жалпы үрдістеріне байланысты болып табылады.

Ақмола облысының халқының жылдан жылға көбейюіне, елордасы Астана тұрғындарының өсуіне байланысты сүт өндірісіне деген сұраныс та артуда. Қазіргі күнде Ақмола облысында 40-тан астам кәсіпорын өз қызметтерін атқарып келеді. Олардың кейбіреулері тек сүт өндірісіне бағытталған болса, кейбіреулері сүт өнімдерін өндіруге (ірімшік, сүзбе, қымыз, т.б.) бағытталған. Төмендегі кестеде Ақмола облысы бойынша сүттің барлық түрі бойынша 2013-2017 жылдар арасындағы өндіріс көлемі берілген [1].


Кесте Ақмола облысы бойынша сүттің барлық түрі

мың тонна

	2015 ж.	2016 ж.	2017 ж.
Қазақстан Республикасы	5 182,4	5 341,6	5 459,5
Ақмола обл.	360,6	378,6	383,6
Ескерту - [1] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған			

Ақмола облысы бойынша сүт өндірісінің артуы

пайызбен, өтке жылғы желтоқсанға, өсімі



Ескерту - [1] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған

Жоғарыда көрсетілген гистограммдан байқағанымыздай, сүт өнімдері өндірісі жылдан жылға артуда. Бұған басты себеп ірі қара малдары мен жылқы сандарының өсуі болып табылады [1].

2015-2017 жылдар аралығындағы ІҚМ мен жылқылар саны

жыл аяғына, мың

бас

	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
Ірі қара мал	383,6	393,6	399,2
Жылқы	152,2	164,7	160,7
Ескерту - [1] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған			

2015 жылы сүт өнімдерінің өндірісі 2014 жылға қарағанда 2,5%-ға артты (9,2 мың тонна). Ірі қара саны 2,3%-ға, жылқы саны 6,4%-ға көбейді.

2016 жылы көрсеткіш бойынша сүт өндірісі өткен жылдың соңындағы көрсеткішпен салыстырғанда 4,75%-ға немесе 18 мың тоннаға көбейді. Сүт өндірісіне тікелей қатысы бар жануарлар саны 22,5 мың басқа көбейді (10 мың ірі қара, 12,5 мың жылқы).

2017 жылдың қорытындысы бойынша сүт өндірісі 2016 жылға қарағанда 1,3%-ға ғана көп болды, яғни, 5 мың тонна. Ал сүт беретін ірі қара саны 5,6 мың басқа артса (1,4%), жылқы саны 4 мыңға немесе 2,5%-ға кеміді.

Тұтыну себетінің төменгі құрамындағы сүт және сүт өнімдерінің үлесі орташа есеппен 2012-2016жж. - 13,4% құрады (2017 жылғы көрсеткіш).

2015-2016 жылдар кезеңінде сүт өндірісінің көлемі 6%-ға өскені байқалды [1].

Жоғарыдағы көрсеткіштерден көргеніміздей, сүт өнімдерінің тұтынуы өсуде, ал бұл өз кезегінде, бүгінгі күнге халықтың көпшілігі үшін сүт және сүт өнімдері негізгі азық-түліктің бірі болып табылатынын көрсетеді.

Ақмола облысындағы 2012-2016жж. сүт өнімдерінің өндірісі

тонна

	Таза өнімнің шығарылуы		
	2014ж.	2015ж.	2016ж.
Өңделген сұйық сүт	76 395	74 024	78 486
Сары май	451	730	784
Ірімшік және сүзбе	574	869	868
Йогурт, сүт және кілегейферменттелген немесе өзге ашытылған	5 267	5 958	5 054
Ескерту - [1] дереккөз негізінде авторлармен құрастырылған			

Жалпы алғанда, Ақмола облысына сырттан келетін, яғни, импортталатын сүт өнімдерін Кеден одағы елдерінің кәсіпорындары, оның ішінде үлесі жоғары, Ресей Федерациясы отандық өндірушілер үшін негізгі бәсекелес болып табылады. Ал отандық өндірушілер, кәсіпорындар олармен бәсекеге түсе отырып, артта қалар емес. Жоғарыдағы кестеде көрсетілгендей 2016 жылы 2014 жылмен салыстырғанда тамақ өнімдерін өндірумен айналысатын кәсіпорындар сүт өнімдерін өндіруде шамалы болса да өскені байқалады. Нақтылап қарастырар болсақ 2014 жылдан 2016 жылға қарай ірімшік және сүзбе 2,6 есеге, йогурт пен ферменттелген сүт және кілегей немесе ашытылған өзге де сүт өнімдері 2,2 есеге, негізгі сұранысқа ие сары май 1,9 есеге, өңделген сұйық сүт және кілегей 4,3 есе процентке шығару өскен.

Ақмола облысының ауыл шаруашылығы басқармасынан алынған деректерге жүгінсек, облыс бойынша жылына 384 мың тонна сүт өндірілетініне көз жеткіземіз. Аймақтағы тұрғындар санына шаққанда мұны аз деп те, көп деп те айтуға болмайды. Соған сәйкес бүгінгі таңда аймақта сүт өндірісін тиімді етіп, жүйелі түрде ұйымдастыра отырып, сүт өнімдерінің өзіндік құнын төмендету әрі өндіріс көлемін көбету қажеттігі туындап отыр. Бұған әсіресе Еліміздің орталығы Астана қаласының жылдан-жылға халқының өсе түсуі де әжептеуір септігін тигізе түсуде.

Бұл мақсаттарды жүзеге асыру үшін, әрине, бірінші кезекте мемлекет тарапынан сүт өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға берілетін демеуқаржының көлемі өте маңызды болып табылады. Сол себепті қандай да істің болсын көлемі мен сапасына және қадір-қасиетіне салыстырулар арқылы көз жеткізу керектігі рас. Мысалы, көршілес мемлекет әрі біздің сүт өндірісі нарығындағы басты бәсекелесіміз Ресей сүт өнімдерін өңдейтін кәсіпорындарға берілетін демеуқаржының көлемі 9 пайыз болса, бұл мөлшер Белоруссияда 18 пайыз көлемінде. Ал біздің елде 3,8 пайызды қанағат етіп отырғаны көңіл көншітпейдіндігі рас. Осыданда Біртұтас экономикалық кеңістіктегі елдердегі қаржылық демеу деңгейі қандай екендігін нақтылап көрсетпеседе біздің елдегі деңгейден әл де қайда жоғары екені айдан анық.

Сонымен қатар Ақмола облысы деңгейінде сүт өндірісінің жылдан жылға жалпы көлемі өсіп отырғанымен, сүт өндірісі және өңдеу салаларында да бірқатар мәселелер бар:

- сүт өңдейтін кәсіпорындардың басты шикізаты сүттің жеткіліксіз әрі сапасының төмен болуы;
- аграрлық өнеркәсіптік кешендерінің қайта өңдеу кәсіпорындарын несиелеу көлемінің қысқаруы, сонымен бірге айналым қаражатының жеткіліксіз болуы;

- арзан импорт тауарлар көлемінің ұлғаюы немесе соның ықпалы негізінде ішкі нарықтың тауарларға тола түсуі;
- дайындау жүйесінің жоғары деңгейде дамымауы, сондай-ақ шикізат пен дайын өнімді тасымалдау кезіндегі шығындардың жоғарылығы;
- өнімнің сыртқы қаптамасы, яғни, буып-түю материалдарының сырттан импортталуы және оларды өндіретін өз өндірістердің болмауы өнімнің өзіндік құнына тікелей әсер етіп отыр.

Қала берсе, көптеген сүтті қайта өңдейтін кәсіпорындарға қажеттілікке сәйкес материалдық-техникалық базаның, өндірістік инфрақұрылымның, шикізат пен дайын өнімді сақтау бойынша қуаттылық деңгейінің төмен болуы да басты мәселелердің біріне айналып отыр.

Облыс көлеміндегі сүт және сүт өндіріс нарығының бүгінгі күнгі жағдайы ондағы салалардың басты қатысушылары шикізатты сүт өндірісі, қайта өңдеу кәсіпорындары және өнімді өткізу жүйелері арасындағы нақты өзара экономикалық іс-шаралардың болмауымен де байланысты. Осы және басқа да мәселелер Ақмола облысы деңгейіндегі барлық сүт саласы жұмыстарындағы экономикалық көрсеткіштерін сақтауға әсерін тигізеді және ол дайын өнім өндірісінің құнынан байқалады, сонымен қатар кейбір түрлері бойынша өзіндік құн деңгейі жоғарылай түседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. stat.gov.kz – ҚР ҰЭМ Статистика комитетінің ресми сайтынан

УДК 658.3.07

МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУДА HR ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Еренбек Тілеуқабыл Серікұлы, Ермұрат Аман

tileukabyl7777@mail.ru, amanyermurat@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультеті, «Экономика» мамандығының 3 курс студенттері, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Н.Құраш

«...Біз цифрлық технологияны қолдану арқылы құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге тиіспіз. Бұл – маңызды кешенді міндет.» Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев [1]

Мемлекеттік басқару қоғам дамуының барысында қоғамдық қатынастарды реттеу мен тікелей практикалық ұйымдастырудағы атқарушылық және бөлушілік іс-әрекет. Мемлекеттік басқару барынша кең мағынада, мемлекеттің істерін басқару, мемлекеттік органдардың барлығының қатынасуымен іске асырылады.

Менеджмент басқарудың мақсатына адамдардың еңбек белсенділігін ынта-ықыласы арқылы көтеріп, олардың тиімді жұмысының негізінде жетуді ұйғарады.

Жаңа деректерді өңдеу құралдары, соның ішінде жасанды интеллект, компанияларға өз қызметкерлерімен өзара әрекеттесуге байланысты көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, адамдардың мүдделерін ұмытпау керек - бұл тұтынушы дәуірінде және талант үшін соғыс жағдайында өте маңызды рөл атқара алады.

HR-нің цифрландыру дегеніміз не? Бұл тек деректер көп болғанда ғана емес, ол ең бастысы, оларды әр түрлі өңдеу жолдары. Демек, осы деректер негізінде шешім қабылдау үдерісі мен әдістері өзгеруде.[2]

Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін және жеке деректерді өңдейтін көптеген математиктер бар. Кейбір клиенттер осы мамандарға жүгінеді және қызметкерлерге кадрлар